

ТҮРКИСТАН

Газет 1930 жылдың 4 қазанынан шыға бастады



www.yassy-tur.kz

turkistan_gazeti@mail.ru

turkistan_gazeti

Түркістан Қалалық Газеті



Облыстық мәслихаты депутаттарынан құралған арнайы комиссия киелі шаһардағы бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды аралап, бюджет қаражатының максатты әрі тиімді игерілу барысын зерделеді. Жұмыс барысында тұрғын үй құрылысы, мәдениет және спорт нысандары, инженерлік инфрақұрылым жобаларының қазіргі ахуалына назар аударылды. Атап айтқанда, Отырар шағын ауданында салынып жатқан 20 тұрғын үй нысаны қаралды. Қала бойынша тұрғын үй кезегінде 30 мыңға жуық азамат тіркелген. Комиссия пәтерлердің алаңы мен оларды қонбалала отбасыларға беру талаптарының сақталу мәселесін көтеріп, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар, 400 орындық Мәдениет үйі, 80 балаға арналған спорт кешенінде болып, Арнасай-Алғабас көпірі бойынша атқарылған жұмыстардың сапасы мен пайдалануға беру тәртібін тыңдады. Бұдан бөлек Шауғар секторындағы «Ортақ» тұрғын алқабында жүргізіліп жатқан көріз жүйесінің құрылысы да назарға алынды. Жобаны уақытылы аяқтау, қаржыландырудың тиімді игерілуі және тұрғындардың сапалы инженерлік инфрақұрылыммен қамту мәселелері талқыланды.

Комиссия мүшелері жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеп, барлық нысандар бойынша қаржының ашықтығы мен тиімділігі қатаң бақылауда болатынын жеткізді.

«Түркістан-ақпарат».

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЫСАНДАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ



14 ақпан – әлемнің көптеген елдерінде аталып өтетін халықаралық кітап сыйлау күні. Бұл – кітап оқуға қызығушылықты арттырып, рухани құндылықтарды дәріптейтін, ізгілік пен білімді насихаттайтын ерекше мереке. Кітап сыйлау – қарапайым ғана сыйлық жасау емес, ол – адамзат жинаған даналықты бөлісу, келешекке жол ашу, ұрпаққа өнеге қалдыру.

КІТАПХАНАҒА СЫЙЛАНҒАН КІТАП - ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРЫЛҒАН МҰРА

Кітап – ғасырлар бойы адам баласының ақыл-ойып дамытқан, тарихты сақтаған, мәдениетті қалыптастырған теңдессіз қазына. Ал сол рухани байлықты көпшілікке қолжетімді ететін қасиетті мекен – кітапхана. Кітапхана қорына сыйға тартылған әрбір кітап болашаққа салынған рухани көпір, жас ұрпақтың білім көзжиегін кеңейтетін құнды мұра.

Кітапханаға сыйланған кітаптың тағдыры ерекше. Ол бір адамның сөресінде шад басып қалмай, жүздеген, мыңдаған оқырманның игілігіне айналады. Әр беті жаңа ойға жетелейді, әр жолы санып оялады, талай баланың арманын қанаттандырып, ғұлдеске жетелейді. Сол себепті «Кітапханаға сыйланған кітап – ұрпаққа қалдырылған мұра» деген сөздің мәні тереңдеп жатыр.

Қазіргі цифрлы дәуірде ақпараттың түр-түрі қолжетімді болғанымен, баспа кітаптың орны әрқашан бөлек. Қағаз кітаптың иесі, парақтың сыбырлы, мәтінмен бетте-бет отырып сырласу – оқырманға ерекше әсер сыйлайды. Кітапты қолмен ұстап оқу – ойды жинақтауға, мәтінді терең түсінуге, рухани тылшылдық табуға мүмкіндік береді. Ал сол кітаптың кітапхана сөресінде тұрып, көпшілікке қызмет етуі – сауапты да саяси іс.

Кітап сыйлау арқылы біз тек кітап емес, үміт, мүмкіндік және болашақ сыйлаймыз. Әсіресе ауыл кітапханаларына, шалғай елді мекендердегі мектептер мен оқу орындарына табысталған кітаптар – білімге қолжетімділікті арттырып, жас бұлақтың таным көзжиегін кеңейтеді. Бұл – қоғамдағы рухани теңдікті нығайтып, оқу мәдениетін қалыптастырудың маңызды жолдарының бірі.

Кітапханашылар қауымы үшін әрбір сыйға тартылған кітап – үлкен қуаныш әрі сенімнің белгісі. Ойткені ол – оқырман мен кітапхана арасындағы рухани байланыстың, жауапкершілік пен жауапкершіліктің көрінісі. Осындай игі бастамалардың арқасында кітап қоры толығап, жас ұрпақ сапалы әдебиетпен қауышады.

Барша тұрғындарына кітап оқуға, кітап сыйлауға және кітапханамен тығыз байланыс орнатуға шақырамыз. Сыйлаған бір кітапшаңыз – бір баланың арманын оятуға, бір жастың өмір жолын өзгертуге, бір отбасының рухани дүниесін байытуы мүмкін.

Гүлмира ДЖУМАНОВА,
Түркістан облыстық «Барба»
әмбебап тұлғамын кітапханасының
Негізгі қор сақтау бөлімінің
менершісі.

ТҮРКИСТАННЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ: ЕСЕП ПЕН НӘТИЖЕ

Жуырда Түркістан облыстық мәслихатының уақытша депутаттық комиссиясының кезекті отырысында 2025 жылы Түркістан қаласына республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген қаржының игерілу барысы қаралды. Жиында қала әкімі Өзімбек Пазылбекұлы халық қалаулыларына атқарылған жұмыстар мен негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің орындалу деңгейін таныстырды.



Есептік кезеңде бөлінген бюджет қаражаты қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, тұрғын үй құрылысы, жол-көлік инфрақұрылымын жаңарту, инженерлік-коммуникациялық желілерді дамыту, абағандарды жұмыстары, сондай-ақ әлеуметтік нысандарды салу және жаңғырту жобаларына бағытталған. Атап айтар болсақ, қала бюджетіне 2025 жылы 128,3

млрд.тенге бөлініп, тұрғын үй құрылысы саласы бойынша 2025 жылы 70 тұрғын үй, 3 560 пәтерді құрайтын 220 317 шаршы метр тұрғын алаң пайдалануға беру жоспарланып, 33 тұрғын үй - 1 984 пәтер тапсырылды. Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым саласы бойынша индустриалық аймақтың аумағында автомобиль жолдары салынды, сыртқы жарықтандыру жүйелері орнатылып, сыртқы инженерлік

және байланыс желілері жүргізілді. Бүгінде жобаның 3-кезеңі бойынша құрылыс жұмыстары толық аяқталды. «Парасат» саябағы мен 500 орындық Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Сонымен қатар, спорт саласын дамыту мақсатында ауысымына 200 бала қабылдайтын 5 спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Откен жылғы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер де едәуір артқан. Мәселен, жалпы

өмірлік өнім көлемі 526,3 млрд құран, 16,3% өссе, негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 502,7 млрд теңгені құрайды.

Жиын соңында қала басшысы мәслихат депутаттарының ұсыныс-сауалдарына жауап беріп, Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да қарқынды жалғасатынын жеткізді.

«Түркістан-ақпарат».